ИП «Астана» бөбекжайы

БҰЙРЫҚ № 9

«28» тамыз 2025 жыл

Чапаев ауылы

Балабақшамен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру туралы

ҚР Үкіметінің 28.03.2023ж №249 қаулысы 118 тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін ИП «Астана» бөбекжайында ата-аналарға арналған консультациялық пункт құрылсын.
2. Консультациялық пунктің құжаттамалары тізімдемесі, жұмыс кестесі, жоспары бекітілсін.
3. Консультациялық пункт жұмысының жүргізілуіне жауапты болып әдіскер А.И. Мурзагалиева тағайындалсын.
4. Консультациялық пункт құрамы төмендегі құрамда бекітілсін:
   Меңгеруші –Мусина А.И.
   Әдіскер –Мурзагалиева А.И.
   Тәрбиеші-Хамзина Б.С.
   Қазақ тілі мұғалімі-Катчикова Ж.М.
   Дене шынықтыру нұсқаушысы-Құстаубаева Ж.С.
   Музыка жетекшісі-Усахова Л.Б.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау меңгеруші Мусина А.И. жүктелсін.

ИП «Астана» бөбекжайының құрылтайшысы: Кенжетаева А.С.

Кеңес беру пунктінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Тақырыбы	Өткізілу түрі	Уақыты	Мамандар
«Балаңыздың ішкі әлеміне бірге үңілейік»	Әңгіме Кеңес	Қыркүйек	Хамзина Б.С.
«Зейін неге тұрақсыз болады?»	Баяндама	Қазан	Гайсина Қ.Б.
«Халық ауыз әдебиеті арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту»	Дәріс	Қараша	Катчикова қазақ тілі мұғалімі
«Денсаулық сақтау технологиялары»	Дәріс	Желтоқсан	Құстаубаева Ж.С. дене шынықтыру мұғалімі
«Қимылды ойындардың бала дамуына әсері»	Практикалық іс-әрекет	Қаңтар	Хамзина Б.С.
«Қауіпсіздік ережелерін үйрету»	Практикалық іс-әрекет	Ақпан	Гайсина Қ.Б.
«Еңбексүйгіш бала – табысты бала»	Практикалық іс-әрекет	Наурыз	Катчикова қазақ тілі мұғалімі
«Баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыру»	Дәріс	Сәуір	Құстаубаева Ж.С. дене шынықтыру мұғалімі
«Музыка мен қимыл арқылы баланың есту қабілетін дамыту»	Практикалық іс-әрекет	Мамыр	Усахова Л.Б. музыка пәні мұғалімі

Scanned with CamScanner

2025-2026 оқу жылына арналған кеңес беру пунктіне келетін балалардың тізімі

Баланың аты-жөні	Туған жылы, айы,күні	Ата-анасы
Марат Зейнеп Әділқызы	27.10.2022 ж	Мухангалиев Адил Маратович
Еврайм Хамза Раимбекұлы	20.02.2023 ж	Тулегенова Айман Темирболатовна

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

14.09.2025 ж

ИП «Астана» бөбекжайының кеңес беру пунктінің жылдық жоспарына сәйкес Хамзина Б.С. бөбекжаймен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен «Балаңыздың ішкі әлеміне үңілейік» тақырыбында әңгімесу кеңес беру өткізілді.

Мақсаты – баланың эмоциялық жағдайын, ішкі сезімдерін, мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау, психологиялық саулығын қолдау және ата-анамен, педагогпен бірлескен дамытушы жұмысты жүйелеу болып табылады.

Ата-аналармен әңгімелесу барысында келесі міндеттер ұсынылды, жеке-жеке сауалдарға жауап беріліп, кеңестер берілді.

Міндеттері:

-Баланың ішкі эмоционалдық күйін бақылау және талдау

-Қорқыныш, уайым, стресс белгілерін анықтау

-Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу

-Ата-аналарға психологиялық кеңес беру

- Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту

-Әлеуметтік бейімделуін дамыту

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

10.10.2025 ж

Кеңес беур пунктінің жоспарына байланысты Гайсина Қ.Б. бөбекжаймен қамтылмаған балалармен «Зейін неге тұрақсыз болады?» тақырыбында практикалық іс-әрекет өткізілді.

Мақсаты – балалардың зейінінің тұрақсыз болу себептерін анықтау, зейінді дамытудағы дефектологиялық түзету жұмыстарының тиімді жолдарын көрсету және зейіннің оқу-танымдық үдерістегі маңызын арттыру.

Балалармен практикалық іс-әрекет жүргізу барысында келесі міндеттер нақтыланып, ата-аналарға нұсқаулық ретінде бағыт-бағдар берілді.

Міндеттері:

-Зейіннің тұрақсыз болу себептерін (нейропсихологиялық, физиологиялық, психологиялық) түсіндіру

-Зейіннің түрлерін (ырықты, ырықсыз) ажырата білуге үйрету

- Зейіннің бұзылуы баланың оқу, сөйлеу және мінез- құлқына қалай әсер ететінін көрсету

-Ата-аналар мен педагогтар зейінді дамытуға арналған практикалық кеңестер беру

-Баланың танымдық белсенділігін арттыру

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

12.11.2025 ж

Кеңес беру пунктінің жоспарына орай Катчикова Ж.М. «Халық ауыз әдебиеті арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту» тақырыбында дәріс өткізілді.

Мақсаты – халық ауыз әдебиеті үлгілерін (ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, санамақ) пайдалану арқылы баланың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін, дұрыс дыбыстау мәдениетін және тілдік шығармашылық қабілетін дамыту.

Қазақ тілі мұғалімі баланың ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіру, сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру, дұрыс, анық, мәнерлі сөйлеуге үйрету, ойлы жүйелі жеткізуге дағдыландыру, ұлттық құндықлықтарға, сөз өнеріне қызығушылыққа тәрбиелеу жөнінде кеңестер берді.



Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

2025 жыл қаңтар айы

2025 жылдың қаңтар айында кеңес беру пунктінің жоспарын сай Хамзина Б.С. физикалық белсенділік пен денсаулықты нығайтуға бағытталған ұлттық спорттық ойын ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балабақшамен қамтылмаған балалардың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дене икемділігін, шапшаңдығын, төзімділік қасиеттерін қалыптастыру.

Спорттық ойын негізгі төрт ойынды қамтыды:

1. «Доппен жаттығу»
2. «Күш сынасу»
3. «Асық ойыны»
4. «Асық ату»

Балаларды зеріктіріп алмау мақсатында сергіту сәті «Футбол» тыныс алуды , дұрыс дем алуды қалыптастыру үшін ойнатылды.

Scanned with CamScanner

Анықтама

02.02.2026ж

Кеңес беру пункті жоспарына орай Гайсина Қ.Б. «Қауіпсіз ережелерін үйрету» тақырыбында іс-әрекет өткізілді.

Мақсаты: Балалардың өмір қауіпсіздігі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- қауіпсіз және қауіпті әрекеттерді ажыратуға үйрету.
- үйде, балабақшада көшеде қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын дамыту.
- өз өміріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Қолданылатын қауіпсіздік ережелерін сақтау технологиялары

- қауіпсіздікке арналған суреттер
- плакаттар
- ойыншықтар
- сергіту сәті
- қимылды ойындар

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

2025 жыл наурыз айы

2025 жылдың наурыз айында кеңес беру пунктінің жоспары сәйкес Катчикова Ж.М. «Дұрыс тамақтану пирамидасы» тақырыбында дәріс оқыды.

Мақсаты: Денсаулық құндылығын, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығн түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге, салауатты өмір салтын ұстана білуге үйрету.

«Ас - адамның арқауы» деп ата-бабаларымыз астың адам денсаулығы үшін маңыздылығын дұрыс ұғынған. Денсаулық көбіне адамның немен және қалай тамақтануына байланысты болады. Халқымыз қашанда денсаулықты бірінші орынға қойып , бірінші байлық – денсаулық деп санаған. Дені сау, еңбекқор, ақылды азамат болып өсу үшін дұрыс тамақтана білу қажет. Ол денені ақуыздар, майлар, көмірсулар мен дәрумендермен, минералдық заттармен қамтамасыз ететіндігі жөнінде медбике Н.Сұлтанова кеңінен айтып өтті.

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

2025 жыл сәуір айы

2025 жылдың сәуір айында кезекті кеңес беру пунктінің жоспарына сай Құстаубаева Ж.С. «Үй жағдайында баланы дамытудың рөлі» тақырыбында балабақшамен қамтылмаған балалардың ата-аналарына дәріс оқылды.

Мақсаты: Балалардың ойынға деген құштарлықтарын дамыту, дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл – күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу.

Бала негізгі тәрбиені алдымен отбасындағы ата-анасынан алады. Бала тәрбиесі- ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерінескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Отбасындағы баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өміріне мәнді ұйымдастыру, тұрмыстағ, үй шаруашылығында еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын үйрету жөнінде ата-аналарға кең көлемде ақпарат беріп, дәріс оқылды.

Scanned with CamScanner

АНЫҚТАМА

2025 жыл мамыр айы

2025 жылдың ИП «Астана» бөбекжайының кезекті кеңес беру пунктінің жұмыс жоспарына сай Усахова Л.Б. «Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігін арттыру» тақырыбында практикалық іс-әрекет ұйымдастырылды.

Мақсаты : Баланың денсаулығын сақтау мен нығайту, мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру, бала денесін шынықтыру, балаларды жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, т.б. сияқты негізгі қимылдық әрекеттерін дамыту.

3-5 жас аралығындағы баланың денесін шынықтыру кезінде басты фактор оның қимыл әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты, себебі мақсатты орындатқан қимыл-қозғалыс жаттығулары бұлшық еттерге қан жүгіртіп, ағза қорегін арттырады. Балалар үшін қозғалыс әрекеті үлкен мұқтаждық болып табылады. Қозғалыс бала үшін қуаныш көзі, сондықтанда қимыл күші оның денесін қатайтумен қатар психикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді. Адамның денесі мен ақыл-ойының дамуына дене қозғалысы күшті әсер етеді. Баланың қозғалыс белсенділігіне бөгет жасағанда оның дамуы нашарлайды және кешігетіндігі жөнінде айта отырып, практикалық түрде көрсетті.

Scanned with CamScanner